

«На острове ГУЛАГа». Воспоминания заключенной авторства Евгении Федоровой, «Мы шагаем под конвоем», Исаака Фильштинского и многих других писателей.

Карагандинский исправительно-трудовой лагерь был организован 19 декабря 1931 года, центр лагеря расположен в селе Долинка, в 45 км. от г. Караганды. «Карлагу» было отведено 120000 га. пахотно-пригодных земель, 41000 га. сенокосных площадей. Были и русские писатели и поэтессы, побывавшие в Карлаге. Например, Рыкова Надежда Януарьевна – переводчик и литературовед, попавшая в Карлаг. Приговор Особого Сопещения при НКВД: 5 лет ИТЛ, где она заболела туберкулезом, но вышла живой уже без права проживания в крупных городах.

Некоторые женщины, как журналистка Ольга Берггольц, спаслись от Карлага (или АЛЖИРА), только благодаря тому, что «вовремя» развелись со своими супругами. Иначе, могли поставить штамп на человеке – «жена изменника родины». Свою деятельность и работу в казахстанских степях продолжил Александр Чижевский – ученый-энциклопедист, художник и поэт. В 1938 году на пять лет была осуждена Анна Васильевна Тимирова – русская художница и поэтесса.

Невозможно упомянуть всех деятелей литературы, которые были подвергнуты репрессиям. Невозможно понять, как у этих людей в столь ужасных условиях оставались силы, чтобы писать прозу, сочинять стихи. Наверное, в те трудные минуты им всем помогала поддержка любящих их людей, любовь к искусству, и самое главное – любовь к жизни.

Список использованной литературы:

1. Варлам Шаламов «Колымские рассказы» Вагриус, Художественная литература. Москва 1988г.;
2. А. И. Солженицын «Архипелаг Гулаг» «Альфа-книга». Москва 2009 г.;
3. «Поэзия узников ГУЛАГа» ред. А. Яковлев, сост. Семен Виленский. Материк, Международный фонд «Демократия»
4. Индустриальная Караганда выпуск от 18.10. 2014 г.;
5. Индустриальная Караганда выпуск от 01. 11 2016 г.;
6. old.adebiportal.kz/magzhan-zhumabaev-na-yazyke-pushkina-.page?lang=ru
7. e-history.kz/ru/publications/view/770
8. pavelskaz.ru/672.html

Документальный фильм «Колыма. Лагерь смерти ГУЛАГ. Трилогия» 1993г.

Қазақстан Республикасы және Түркия Республикасы арасындағы мәдени байланыстардың даму тарихынан

Қарсыбаева Ж.А. т.ғ.к., доцент, Баймағанбетова А.А. тарих магистрі

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,

Қарағанды қ., karsybayeva1981@mail.ru

Мемлекеттер арасындағы сыртқы саясат, дипломатиялық қарым-қатынастар достық, бейбіт мақсаты, өзара сенімді, тиімді, пайдалы келісімді көздейді. Мұндай үрдістер ең алдымен кең ауқымды мәдени тығыз байланыстар арқылы жүзеге асады.

Бүгінде Қазақстан және Түркия елдері арасындағы ақпараттық қарым-қатынастың қалыптасып, дамуында ең жетекші орында бұқаралық ақпарат құралдары тұратыны сөзсіз. Қазақстанда алғаш болып екі ел арасындағы ақпараттық кеңістікке жол салған республикалық деңгейдегі басылымдардың бірі - «DA Қазақстан» халықаралық мәдени-интеллектуалдық журналы. Аталған халықаралық басылымдардың Қазақстан ақпараттық кеңістігіндегі түркі мәдениеті мен өркениеті дамуындағы атқарып отырған қызметі ерекше.

Ал қазақстандық бұқаралық ақпараттық кеңістікте «Қазақстан-Заман» халықаралық саяси-қоғамдық газетінің ұстанымы қалыптасып келе жатқан басылым. Түркі әлеміне ортақ рухани және мәдени құндылықтармен қатар, еліміздің тәуелсіздігі мен дамуын шынайы

тілектес дос ниетімен қолдап-қуаттайтын, бағамдап-бағдарлап баға беретін басылым беттерінде салықалы да сындарлы материалдар легі үзілген емес. Басылым тәуелсіздік алған жылдары, яғни 1992 жылы 17 қаңтарынан бастап қазақстандық баспасөз нарығында жарық көрген бірден бір халықаралық газет ретінде танымал.

Қазақ және түрік тілдерінде жарық көретін «Қазақстан-Заман» газетінің беттерінде екі елге ортақ ақпараттық және рухани дүниелердің алаңы қалыптасып келеді. Басылымның «Ақпарат», «Саясат», «Қоғам», «Жер жаһан», «Білім және ғылым», «Түркі дүниесі», «Аймақтар айнасы», «Қамшыбасар», «Жанайқай», «Ұлттық мүдде», «Намысың қайда, қазағым», «Тіл», «Отбасы», «Алаша әлемі», «Тарих», «Таным» т.б. айдарлары [1, 58 б.], қазақ және түрік қоғамындағы жылдам ақпараттар, елеулі оқиғалар мен рухани жаңалықтардың жаршысына айналып отыр.

«DA Қазақстан» халықаралық мәдени-интеллектуалдық журналы Еуропа және Орталық Азияның түркі тектес елдерінің саяси ақпараттық алаңына айналып отыр. Басылымның қамтып отырған аумағы да өзінің көтеретін жүгіндей. Өйткені «DA» Диалог Еуразия Платформасы үндестіктің, жалғастықтың, сабақтастықтың ортақ ақпараттық алаңына айналып отыр. Бүгінде Албания, Македония, Румыния, Босния, Герцеговина, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Қазақстан, Молдова, Моңғолия, Нахчеван, Ресей Федерациясы, Дағыстан, Татарстан, Тува, Новосібір, Тәжікстан, Түркменстан, Украина сияқты елдердің БАҚ нарығына таралып отырған «DA» басылымы ақпараттық-коммуникациялық процестердің қозғаушы күші және басты қатысушысы.

Журналдағы «Интеллектуалдық көзқарас», «Отбасы - бақыт тұрағы», «Археология», «Ресеймен танысу», «Классикпен сұхбат», «Экономика», «Өнер», «Инфо» айдарлары басылымның ұстанымын айқындайды. Түрік тектес халықтардың өміріндегі басты құндылық - отбасы бірлігі мен берекесі саналмақ. Мұнда түркі, қазақ, қырғыз, тәжік, т.б. ұлт отбасыларының салт-дәстүрлері мен рухани әлеміне, сондай-ақ отбасы мәселелеріне арналған материалдар орын алған. Отбасы дәстүрлерін ардақтау мен оларды дәріптеуден басқа, жалғызбасты аналар, әлеуметтік жетімдік, шетелдікпен отбасын құру т.б. қоғамдық проблемалар басылымның меншікті тілшілерінің назарынан тыс қалмаған.

«DA Қазақстанның» бетінде «Халықтың күретамыры - ауыл» айдарының аясында жарық көрген мақалалар біздің ұлттық басылымдардың кейбір олқылықтарын толтырып отыр. Қазақ зиялылары бастауымен, редакция қолдауымен Алматы облысының Мұқыры ауылында болып, ауыл тұрғындарымен кездесіп, ақсақалдар батасын алып, экспедиция әсерінен мақалалар циклін жариялайды. «DA» Диалог Еуразия Платформасының түркі өркениетінің жаңғыруына, жаңаруына, түлеп-түрленуіне бағытталған ақпараттық саясаты бірнеше ұлттар мен мәдениеттерді шоғырландырған жобалардың бірі саналады.

Екі ел арасындағы халықаралық ақпараттық алаңның нығаюына және де түрік әлемінде саяси-қоғамдық, мәдени дүниелердің бұқараға таралуына ықпал етуші қазақ тіліндегі «Түркістан» халықаралық сараптамалық апталықтың алатын орны ерекше. Мерзімді басылым 1993 жылы қараша айынан бастап ҚР Министрлер кабинетінің арнайы қаулысымен жарық көрді.

Басылым түркі дүниесінің тек ақпараттық жаршысы ғана емес, сондай-ақ рухани әлемінің жоқшысына айналып отыр. Бұған дәлел, газет журналистері мен авторлары жарияланымдарындағы айтылатын ойлар мен пікірлер, идеялар мен көзқарастары дәлел.

Бүгінде Түркияда қазақ тілінде радио-хабар таратылатындығын білетіндер кемде-кем болар. Түркияның мемлекеттік телерадио корпорациясында “Түркия үні” атты радио-бағдарлама жұмыс істейді. Бұл радио әлемнің 30 тілінде хабар таратады екен. Соның бірі - күніне қысқа толқыннан тікелей эфирде жарты сағат тыңдарманымен қауышатын қазақ тіліндегі бағдарлама. “Түркия үні” радиосындағы қазақ тіліндегі бағдарламаны атажұрттағы ағайындар да тыңдап, оған өз ықылас-ниеттерін танытып, үлестерін қосса деп армандайды. Сол себептен де қазақ ағайындардан хат күтеді. Радионың интернеттегі мекен-жайы - www.trt.net.tr Ал, электронды адресі - kazak@trt.net.tr. Қазақстандық БАҚ кеңістігінен бөлек

Түркия елінде қазақ тілінде таралып жатқан радиохабралары екіжақты ақпараттық кеңістікті толықтырып отыр.

ТРТ интернет парақшасы ТРТ-нің 30 тілде, бес құрлықта 24 сағат жүргізген эфирінің түрлі мәдениет пен өркениетті таныстыру мақсатында қызмет етеді. Мәдени және өркениет құндылықтарын әлемге түсіндіріп, адамзат дамуына үлес қосатын радионың басты ерекшелігі де ақпараттық қызметті әр елдің ана тілдерінде таратуы.

Парақша түрік, ағылшын, неміс, француз, итальян, испан, орыс және арабшамен бірге албан тілі, әзірбайжан түрікше, босния тілі, грекше, болгарша, қытайша, дари тілі, парсы, грузин, хорват, қазақ, қырғыз, венгр, македон, өзбек, пушту, румын, серб, татар, түрікмен, урду және ұйғыр бар 30 тілде бүкіл әлемге сенімді, жылдам мағлұмат пен хабар көзі болады. Trt.net.tr-де Түркиядағы саяси әлеуметтік, экономикалық және мәдени оқиғалармен бірге басқа да елдерге қатысты хабарлар 30 тілде беріледі.

Түркияда Ресейдің «Первый канал», «Культура», «РТР», «НТВ», т.б. телеарналарын көрсетеді. Шет елде орысша телеарналарға Қазақстаннан шығатын жалғыз кабельдік арна - «Caspionet»-ті қосылады [1, 158 б.]. Бірақ орысша және ағылшынша бірдей хабар тарататын БАҚ-тың сыртта бір ғана жақтаушысы - қазақ көрермендері ғана бар екен. ВВС мен CNN телеарналары сияқты ақпарат құралын қызығып көретін шетелдіктер де кемде-кем болып отыр.

Қорыта келгенде, түркі елдері ішіндегі Қазақстан мен Түркия арасындағы мейлінше дамыған екі жақты қарым-қатынастар аса ауқымды және тарихи тамырларға негізделген. Халықтар арасындағы сенім мен өзара түсіншілікті орнықтыруда және халықаралық ахуалды сауықтыруда мәдени байланыстардың маңызды орын алатыны белгілі. Ғылыми және мәдени байланыстар ынтымақтастықтың жалпы принциптері негізінде еркімен, егемендік пен ұлттық мүдделерді құрметтеу жағдайында дамып отыр.

Жылдар өткен сайын шығармашылық қарым-қатынас мәдениетіміздегі өзара жар ету, өзара байыту процестеріне маңызды үлес қосуда, бауырлас халықтар арасында достықты нығайта түсуде.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Н.С. Нысаналина Қазақ - түрік қатынастары // Саясат. - 2000. - №4. - 54-65 бб.
2. М.Мұхамедов Қазақстан әлемдік қауымдастықта. - А., 2000. - 166 б.

Дәуірде бір туатын дара тұлға

Қарсыбаева Ж.А. т.ғ.к., доцент, Диекен Е.Б.

А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

karsybayeva1981@mail.ru

Белгілі қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты көпшілігі кеменгер басшы ретінде біледі. Біле-білген адамға Қонаев атамыз тек саяси басшы ғана емес, ұлттың рухани ұстазы болды. Бұл кісінің ерекшелігі адами қасиеттерінде және баршаға қамқор болғандығы, күнделікті жай тірлікте жан-жүрегімен қуанып, қиянатты да сабырмен жеңіп, қайғы-мұңды да ақыл оймен көтере білетіндігі еді. Қонаев атамыз халқы үшін игілікті мол істер мен жоралғылы ізгі жақсылықтар жасады.

Қонаевтың зеректігі мен бәрін біліп, сезіп тұратын айырықша қасиеті жөнінде кеменгер қасында жүрген дананың серіктері қазірге дейін таңдана айтады. Дінмұхамед атамыз адамның ішіндегісін біліп тұратын, сөзінен не ойлайтынын тез аңғаратын зерек жан болған. Қариялардың сөзін мұқият тыңдап, сол бойынша кеңесіп, мәселе шешетіні көптеген естеліктерде айтылады.

Дінмұхамед Қонаевтың зерделілігі өз алдына – есте сақтау қабілеті аңызға айналған. Қазақстандағы мыңдаған колхоз-совхоздардың, жер-судың және озат шопан, механизаторлардың есімін өмірінде ұмытпаған. Өндіріс, экономикаға байланысты сандар